

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Халықтың қаржылық сауаты мен жинақтаушы зейнетақы жүйесіне, соның ішінде «БЖЗК» АҚ-ға деген сенімі артып келеді

«Стратегиялық зерттеулер орталығы» жыл сайын өткізетін тәуелсіз әлеуметтану зерттеуінің қорытындысы бойынша халықтың зейнетақымен қамсыздандыру саласы бойынша қаржылық сауаттылығының және жинақтаушы зейнетақы жүйесіне, сондай-ақ «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ға (БЖЗК, Қор) сенім деңгейі өткен жылмен салыстырғанда біршама өскені анықталды.

Зерттеу барысында Қазақстанның 17 облысы мен респубикалық маңызы бар 3 қаласының қала және ауылдық тұрғындары арасында саулнама жүргізілді.

Барлығы **3000** респонденттен жауап алғанды: оның ішінде 1 465 ер адам, 1 535 әйел адам бар. Әлеуметтік мәртебесі бойынша былай бөлінді: жалдамалы жұмысшылар 2040 (68,00%), өзін – өзі жұмыспен қамтығандар - 819 (27,29%) және жұмыссыздар 141 (4,71%).

Зерттеу саулнамасының негізгі блогы Қазақстан халқының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылығын анықтауға, сондай-ақ Қазақстанның зейнетақы жүйесіне және БЖЗК-ға сенім дәрежесін айқындауға бағытталған 25 сұрақтан құралған.

Зейнетақымен қамсыздандыру саласы бойынша қаржылық сауаттылық екі деңгей бойынша талданды: **базалық және озық**.

Базалық деңгей

Респонденттердің қаржылық сауаттылықтың осы деңгейіндегі саулнамасының нәтижесі - **73,8%**, бұл өткен жылғы көрсеткіштен (**71,5%**) асып түсті. Қаржылық сауаттылықтың базалық деңгейі сұрақтарының бір бөлігі халықтың БЖЗК-дан берілетін төлемдердің негізгі түрлері, мөлшері мен қалыптастыру көздері саласындағы білімін айқындауға бағытталған.

Қазақстандағы **зейнетақы төлемдерінің түрлері** туралы білімді тексеру кезінде 1 798 респондент (**59,93%**) барлық қазақстаннықтарға кепілдік берілген мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі, еңбек өтілі бойынша мемлекеттік еңбек (ортак) зейнетақысы, сондай-ақ қызметкердің БЖЗК-дағы міндетті (МЗЖ), міндетті кәсіптік (МКЗЖ), ерікті (ЕЗЖ) зейнетақы жарналарынан қалыптастырылған зейнетақы жинақтары есебінен төленетін зейнетақы төлемдері туралы хабардар екендігі анықталды.

Жеке зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпарат алу әдістері туралы сұраққа бірнеше жауап нұсқаларын таңдау мүмкіндігі берілді. Саулнама нәтижесінде респонденттердің **98,2%** (2946 адам) өздерінің зейнетақы шотының жай-күйі туралы (БЖЗК-ға, ХҚКО-ға, электрондық үкімет порталы арқылы жеке өтініш, БЖЗК ұялы қосымшасында, БЖЗК сайтындағы жеке кабинетте, электрондық немесе пошта мекенжайы бойынша қашықтықтан өтініш беру) білуге болатын әдіс түрлері туралы өздерінің хабардарлығын көрсетті.

1 429 адам (**47,63%**) **"БЖЗК"** АҚ-ның салымшылардың міндетті және ерікті зейнетақы жарналарын жинау, зейнетақы жинақтарының есебін жүргізу, сондай-ақ зейнетақы жинақтары есебінен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру сияқты **қызметтерін** дұрыс айқындаі алады.

Бірнеше жауап нұсқалары бар **"БЖЗК-ға аударылатын зейнетақы жарналарының қандай түрлерін білесіз?"** деген сұраққа 2 391 респондент (**79,70%**) 10% мөлшеріндегі **МЗЖ** деңгейін дұрыс анықтады. **МКЗЖ** мөлшерлемесі 5% екенін 174 респондент дұрыс анықтады (**5,80%**).

1,5% мөлшеріндегі жұмыс берушінің міндепті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) мөлшерлемесі туралы биылғы жылы 94 адам (3,13%) хабардар екендігін көрсетті. ЕЗЖ мөлшерлемесін салымшы дербес айқындейды, сондықтан респонденттердің қаржылық сауаттылық деңгейін айқындау кезінде ЕЗЖ туралы сұрақ есепке алынбады.

Ерлер мен әйелдердің зейнетке шығу жасына қатысты сұраққа респонденттердің басым бөлігі - 2 512 респондент немесе 83,73% дұрыс жауап берді (ерлер 63 жаста, әйелдер 2024 жылы - 61 жаста).

Озық деңгей.

Қаржылық сауаттылық саласындағы неғұрлым озық білім деңгейін анықтау үшін 8 сұрақ құрастырылды. Мұнда өз пікірізді көрсету мүмкіндігі жоқ және жауаптар біржақты. Халықтың зейнетақы жүйесі туралы хабардар болуының озық деңгейі білімінің жалпы коэффициенті - 45,2%, бұл өткен жылғы көрсеткіштен (41,3%) жоғары.

"Зейнетақы активтерін инвестициялық кіріс алу үшін инвестиациялауды кім жүзеге асырады?" деген сұраққа Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және/немесе салымшының таңдауы бойынша инвестициялық портфельді басқарушылар деп көрсеткен 1849 респондент (61,63%) дұрыс жауап берген.

"Зейнетақы жинақтарына инвестициялық кіріс қалай есептеледі?" деген сауалға 746 респондент (24,87%) инвестициялық кіріс мөлшері бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақыға, бағалы қағаздардың нарықтық құнының өзгеруіне және шетел валюталарының бағамдарына байланысты өзгереді деп дұрыс жауап берген. Бұл ретте инвестициялық кіріс қор нарығындағы жағдайға байланысты он да, теріс те болуы мүмкін деген түсінік бар.

1 629 респондент (54,30%) зейнетақы жинақтары әртүрлі қаржы құралдарына инвестиацияланатынын және инвестиациялық кіріс арқылы көбейетінін біледі немесе олар біліп қана қоймай, алынған инвестициялық кірісті үнемі қадағалап отырады.

1809 респондент (60,3%) зейнет жасына жеткенге дейін міндепті зейнетақы жинақтары есебінен зейнетақы төлемдерін алу мүмкіндігі мен шарттары туралы (тұрғын үй жағдайларын жақсарту және/немесе емделуге ақы төлеу мақсатында; сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу; егер мерзімсіз уақытқа белгіленген болса, I және II топтағы мүгедектік кезінде; егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстаннан тыс жерлерге тұракты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға) хабардар болып шықты.

"Зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына зейнетақы аннуитетін сатып алу үшін аударуға кімнің құқығы бар?" деген сұраққа 858 респондент (28,60%) дұрыс жауап берді: зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына зейнетақы аннуитетін сатып алу үшін аударуға 45 жасқа толған салымшылар зейнетақы жинақтары жеткілікті болған жағдайда құқылы.

1131 респондент (37,7%) жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі салық салу туралы сауалнама шенберінде БЖЗК-дан зейнетақы төлемдеріне жеке табыс салығы салынатынын дұрыс атап өтті.

Зейнетақы жинақтарына мемлекеттік кепілдік туралы дұрыс жауап нұсқасын таңдаған 1 474 респондент (49,13%) өз білім деңгейлерін көрсетті, мемлекеттің зейнетақы жарналарының сақталу кепілдігі зейнетақы жарналарының міндепті түрлеріне ғана қолданылады.

Сенім деңгейі.

Зерттеу көрсеткендегі, халықтың Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесіне деген сенім деңгейінің орташа көрсеткіші **5,92** балл деңгейінде қалыптасты, бұл өткен жылғы көрсеткіштен (5,80 балл) асып түсті.

Облыстар мен Республикалық маңызы бар қалалар бөлінісінде зейнетақы жүйесіне Солтүстік Қазақстан (7,70 балл), Ақмола (6,75 балл), Қарағанды (6,69 балл) және Батыс Қазақстан (6,59 балл) облыстарының респонденттері барынша сенім білдірді.

Респонденттердің **БЖЗК-га** деген орташа сенім деңгейін анықтауға бағытталған сауалнама **БЖЗК-га** деген орташа сенім деңгейі **6,04** балл екенін көрсетті, бұл да өткен жылғы көрсеткіштен (5,80 балл) жоғары.

Жалпы, халықтың қаржылық сауаттылық деңгейін зерттеу нәтижесі көрсеткендегі, халықтың көп бөлігі зейнетақымен қамсыздандыру саласында базалық білімге ие. Зерттеу нәтижелерін назарға ала отырып, **БЖЗК** халықтың Қорға және тұтастай зейнетақы жүйесіне деген сенімін одан әрі нығайту жөніндегі стратегиялық міндеттерді іске асыру мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмысын одан әрі жалғастырады. **Әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша есептің толық мәтіні **БЖЗК** сайтында жарияланған.**

БЖЗК 2013 жылды 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. **БЖЗК** құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. **БЖЗК** зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес **БЖЗК** міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (**толығырақ www.enpf.kz сайтында**).